

Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралардың афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындар тізбесін бекіту туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 22 мамырдағы № 21/12 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 27 мамырда № 6778-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Жарнама туралы" Заңының 17-2-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шахтинск қаласының әкімі

М. Кыдырганбеков

Шахтинск қаласы әкімдігінің

2025 жылғы 22 мамырдағы

№ 21/12

қаулысына қосымша

№ п/п	Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралардың афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындар тізбесі
1	2
1.	Шахтинск қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 50, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Шахтинск қаласының кеншілер мәдениет сарайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
2.	Шахтинск қаласы, Парковая көшесі, 23, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Барс" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
3.	Шахтинск қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 23/1 құрылым, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Барс" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының филиалы
	Шахтинск қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 7/1 үй, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және

4.	спорт бөлімінің "Шахтинск орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
5.	Шахтинск қаласы, Шахан кенті, Кенесары Қасымұлы көшесі, 1/1, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Шахан кентінің мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
6.	Шахтинск қаласы, Новодолинский кенті, Школьная көшесі, 3 ғимарат, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Новодолинский кентінің мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
7	Шахтинск қаласы, Долинка кенті, Школьная көшесі, 15 құрылым, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Долинка кентінің мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны